

XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ МӘДЕНИ-АҒАРТУ ӨМІРІНДЕГІ ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ РӨЛІ

Берік Темірханұлы ЖУБАНЫШОВ*

Түйіндемe: Қазан төңкерісіне дейін Түркістандағы халық ағарту ісінің өсуі мен дамуы, сондай-ақ халық ағарту деңгейі күрделі тарихи жағдайларда өтті. Большевиктер ұйымдастырған төңкерістен кейін өлкедегі жаңа оқу саясаты білім саласын жаңғырту қағидаттарына сай келетін бірқатар мәселелерді шешуге ықпал етті. Соның нәтижесінде Түркістан Республикасы үкіметінде қызмет еткен қазақ зиялылары мектептерде ана тілінде оқытуға шешуші мән беріп, осы бағыт арқылы ұлттық мәдениетті насихаттауға ұмтылды. Әсіресе, Түркістан халқының мәдениеті мен білімін көтеруде Ташкенттегі қазақ зиялылары, оның ішінде Алаш қайраткерлері ерекше рөл атқарды. Олардың халық ағарту жұмыстары оқу орындарының ашылуынан айқын көрінді. Ташкентте ашылған жоғары және орта оқу орындары Түркістан өлкесі мен Қазақстанның экономикасы мен мәдени өмірінің дамуына зор үлес қосты.

Кілт сөздер: *Түркістан, қазақ зиялылары, оқу орындары, мәдени құрылыс*

The Role of the Kazakh Intelligentsia in Cultural and Educational Life at the Beginning of the 20th Century

Abstract: Before the October Revolution, the growth and development of public education in Turkestan, as well as the level of public education, took place in difficult historical conditions. After the revolution organized by the Bolsheviks, the new educational policy in the region contributed to the solution of a number of issues that meet the principles of modernization of the education sector. As a result, the Kazakh intelligentsia, who worked in the government of the Republic of Turkestan, attached decisive importance to teaching in schools in their native language and sought to promote national culture in this direction. A special role in the development of culture and education of the Turkestan people was played by representatives of the Kazakh intelligentsia of Tashkent, including Alash figures. Their educational work was clearly manifested in the opening of educational institutions. Higher and secondary educational institutions created in Tashkent made a great contribution to the development of the economy and cultural life of the Turkestan Territory and Kazakhstan.

Key Words: *Turkestan, Kazakh intelligentsia, educational institutions, cultural structure*

Кіріспе

Қазақ даласындағы халық ағарту ісі мен білім беру деңгейінің өсіп, өркендеуі қиын тарихи жағдайда жүріп өтті. Бір жағынан уақыты өткен ескі қоғамдық қатынастар аяқтан шалып жатса, екінші жағынан патша өкіметінің ұлттық езгіге салуы қазақ елінің алдағы болашағына күмән туғызды. Тіпті жергілікті билік орындары қазақтардың ұлттық мәдениетін дамытуға ешқандай қызығушылық танытпады. Осыған байланысты өз халқының қамын ойлаған қазақтың алдыңғы қатарлы зиялы қауым өкілдері аймақта жоғарғы оқу орнын құру қажеттігі мәселесін бірнеше рет алға тартады. 1913 жылы 2 ақпанда Санкт-Петербург қаласында В.В.Бартольдтың төрағалығымен өткен «Түркістандық студенттерге көмек қоғамының» кезекті отырысында С.М.Лапин «Түркістандағы халық ағарту ісінің жағдайы» атты баяндама жасап, онда жергілікті халыққа білім беру жүйесін жетілдіру қажеттігін атап өтті. Бұл жиынға М.Шоқай да мүше ретінде қатысып, С.Лапинді жақтап сөз сөйледі. Қазан төңкерісінен кейін 1917 жылы 15-22 қарашада III өлкелік Кеңестер съезі өтіп, онда Түркістанда жоғары оқу орындарын ашу туралы арнайы шешім қабылданды. 1918 жылы 11 наурызда Түркістан университетінің кеңесі құрылып, 5 сәуірдегі кеңес отырысында оның жетекшілері сайланды. 1918 жылы 21 сәуірде Түркістан халық университетінің салтанатты ашылу рәсімі болды. 1918 жылы 12 мамырда ұлттық зиялы қауым өкілдерінің және жетекші «Жадид-Ағарту» қозғалысының қолдауымен университет жанындағы ескі қалада Мұсылман халық университеті-мұсылман секциясы құрылды. Яғни, халық университеті құрамындағы ескі Ташкентте «мұсылман секциясының» ашылуы жергілікті халық үшін үлкен мәнге ие болып, 945 жазылушы тіркелді. «Мұсылман

* Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, mr.berik1973@mail.ru

секциясын» ұйымдастыруда ескі қаланың қоғамдық ұйымдары үлкен рөл атқарды. А.Авлянидың, Ш.Рахимияның, С.Д.Асфандияровтың және басқа да алдыңғы қатарлы жергілікті интеллигенция өкілдерінің бастамасымен 1918 жылдың 18 сәуірінде Халық университетінің жанынан жергілікті ұлт өкілдері үшін секция ұйымдастыру қажет деп есептейтін қоғамдық ұйымдардың қатысуымен кеңес өткізіледі. Кеңесте тұрғылықты халық үшін университет секциясын ұйымдастыру үшін «ескі қаланың» 15 демократиялық ұйымының өкілдерінен комиссия құрылды, оның құрамына Г.Абдурашитханов, Р.Юсупбеков және басқалары енді (Культурное строительство в Туркестанской АССР, 1973: 571).

1918 жылы 18 сәуірде А.Авляни, Ш.Рахимия, С.Д.Асфандияров және басқа да жетекші зиялылардың бастамасымен Халық университетінде жергілікті ұлт өкілдеріне арналған секция ұйымдастыру қажет деп есептелді. Кеңесте тұрғылықты халық үшін университет секциясын ұйымдастыру үшін «ескі қаланың» 15 демократиялық ұйымының өкілдерінен комиссия құрылды, оның құрамына Г.Абдурашитханов, Р.Юсупбеков және басқалары енді. Секция басшысы атақты ағартушы Мунаввар қары Абдурашитханов болса, оның орынбасары болып қазақтың көрнекті қайраткері Иса Тоқтыбаев сайланды. Ал 1918 жылы мамырда Иса Тоқтыбаев Түркістан халық университетінің басқарма мүшесі болып тағайындалды. Халық университетінің ұлттық секциясында төрт әйелдер мектебінің ашылуы үлкен жаңалық болды. Университетте ұстаздық ететін жергілікті ұлттың әйел мұғалімдерінің болмауына байланысты университетке әйел оқытушыларды тарту үшін қоғам құру туралы шешім қабылданды. 1918 жылы мамырдың ортасында Ташкентте «Уақытша мұғалімдер қоғамы» деген ұйым құрылып, оның құрамына М.Исмаилова, А.Айдарова, т.б. енгізілген. Ауыл шаруашылығы факультеті «Мұсылман секциясын» ұйымдастырумен бірге жергілікті халыққа жаратылыстану және ауылшаруашылық ғылымдарын оқытуды бастады. Дәрістер жан-жақты, өмірден алынған мысалдармен өтіп, тыңдаушылар тарапынан үлкен қолдауға ие болды. Алайда, жағдайдың кенеттен өзгеруі қауіп төндіретінін түсінген большевиктер қаржы тапшылығын сылтауратып, Мұсылман университетін жауып тастады (Первый Казахский институт в Ташкенте, 2005: 160).

Мұсылман университеті аз ғана уақыт ішінде ұлттық мамандардың қалыптасуы мен білім алуына үлкен үлес қосты. 1920 жылы 7 қыркүйекте Ленин басқарған Кеңес үкіметінің декреті шығып, Түркістан мемлекеттік университетін заңдастырып, Ресей Федерациясы Оқу Халық Комиссариатының қарауына берді. Бұл қаулы, атап айтқанда, жоғары оқу орны мәртебесін Ресей Федерациясының Халық ағарту комиссариатының құзырына беру туралы қаулының екінші тармағы жергілікті этнос басшыларының наразылығын тудырды. Бұл мәселе 1920 жылы 25 қыркүйекте Түркістан Республикасы Халық Ағарту комиссариатының коллегиясында қаралды. Жиналысты Халық ағарту комиссары Нәзір Төреқұлов жүргізіп, «Орталық жарлығы Түркістан Республикасы Конституциясының қағидаларына қайшы келеді. Сондықтан Түркістан Орталық Атқару Комитеті жоғарыда аталған жарлықтың күшін жою туралы шешім қабылдауды сұрайды» деп қаулы қабылданды. Бұл ретте Түркістан басшылары Кеңес өкіметі тарапынан университетті «тек мәдени-ағарту мекемесі және партиядан тыс» деп санауды, сондықтан оны үгіт-насихат орны ретінде пайдалануға болмайды» деп, университетке автономиялық басқаруды беруді талап етті. Алайда большевиктер үкіметі бұл талапты орындамады. Кеңес өкіметінің ықпалында жүріп қазақ халқының білім деңгейін көтеруде Т.Рысқұлов, Н.Төреқұлов, С.Қожанов, І.Тоқтыбаев, С.Сәдуақасов және басқа да еліміздің көрнекті мемлекет қайраткерлері ерекше рөл атқарды. Атап айтқанда, Т.Рысқұлов, Н.Төреқұлов, С.Қожанов Орта Азия мемлекеттік университетінің құрылып, өркендеуіне зор үлес қосты. Республиканы басқара отырып, университеттің халыққа сапалы білім беруіне барлық жағдайды жасауда аянған жоқ.

(Жизнь и деятельность представителей казахской национальной интеллигенции в Туркестане, 2004: 277).

Азамат соғысынан кейінгі республиканың қиын жағдайына қарамастан Түркістан өлкесіндегі жалғыз жоғары оқу орнына жеткілікті қаржы бөліп қана қоймай, еліміздің барлық аймақтарынан білікті оқытушыларды шақырып, кітапханаларын қажетті оқу әдебиеттерімен қамтамасыз етіп, ғылыми зертханалар мен оқу кабинеттерін қажетті құрал-жабдықтармен жабдықтады. Олар сондай-ақ үздік студенттерге жоғары шәкіртақы тағайындап, Мәскеу, Ленинград және Ресейдің басқа да ірі қалаларындағы жоғары оқу орындарына оқуын жалғастыруға жіберді. Түркістандық жас студенттерді шетелдерге, оның ішінде Германияға оқуға жіберіп, оларға материалдық көмек көрсетті. Азаматтық қалыптасу кезеңі ХХ ғасырдың басындағы ұлттың оянған кезеңіне тұспа-тұс келіп, Алаш жүгін тайынбай мойнына алып, Орта Азия мемлекеттік университетінде ізін қалдырған қазақ зиялыларының бірі – Иса Тоқтыбаев. Қоқан автономиясын құруға атсалысқан Иса Тоқтыбаевтың сіңірген еңбегі – университет құрылған алғашқы жылы-ақ көзге түсіп, алдыңғы қатарлы оқу орындарының біріне айналды. 1918 жылы мамырда Түркістан халық университетінің басқарма мүшелігіне тағайындалып, жергілікті ұлт өкілдерін оқуға көбірек тарту мақсатында С.Асфендияровпен бірге «Мұсылман секциясын» ұйымдастырды. «Бірлік туы» газетінің редакция алқасының мүшесі, «Ақ жол» газетінің редакторы болып, қазақтың тұңғыш оқу-ағарту институтының ашылуына белсене қатысқан. С.Асфендияров Орта Азия мемлекеттік университетінің ашылуы мен құрылуына алғашқылардың бірі болып атсалысты. Университеттің Орталық комиссиясының төрағасы, ғылыми -оқытушылық қызметтерін атқарды, Түркістан АКСР-нің жетекші партиялық кеңес органдарында жұмыс істеді, Денсаулық сақтау халық комиссариатын басқарды. Орта Азия мемлекеттік университетінде жұмыс істей жүріп, факультеттер мен кафедраларды басқаруда еуропалықтарды жергілікті ұлт өкілдермен алмастыруға белсенді түрде ықпал етті. Халел Досмұхамедұлы Орта Азия мемлекеттік университетінің «Педология» курсына доцент болып тағайындалып, Қазақ КСР Денсаулық сақтау комиссариаты мен Қазақ-Қырғыз ғылым комиссиясында педагогикалық, медициналық, оқу-ағарту және шығармашылық сияқты түрлі жұмыстарға қатысты. Х.Досмұхамедов ұстаздық және медициналық білім берумен қатар шәкірттерінің денсаулығына да үлкен көңіл бөлді. Науқас, сырқат студенттерге көмектесіп, олардың емделуін қамтамасыз еткенін көптеген мұрағат материалдарынан көреміз. Х.Досмұхамедұлы Ташкенттегі Орта Азия университетінде ашылған Полтарацкий ауруханасында қосымша ординатор болып жұмыс істейді. Көптеген науқас студенттер осы ауруханада емделеді. Х.Досмұхамедұлы Түркістандағы баспа жүйесін ұйымдастырушылардың бірі болды. 1923 жылы 15 қыркүйекте Орта Азия мемлекеттік университеті баспасының басқарма мүшесі болып тағайындалды. (Досмұхамедұлы, 1998: 384).

Орта Азия мемлекеттік университетінде дәріс оқып, белсенділік танытқан қазақ зиялылары арасында Қошке Кемеңгерұлының орны ерекше. Кеңес өкіметі орнағаннан кейін 1924-1930 жылдар аралығында Орта Азия мемлекеттік университетінде жұмыс істеп, ғылыммен айналысты. Дегенмен Қошке Кемеңгерұлы тек жазушы ғана емес, ағартушы, ұстаз ретінде де тарихта қалды. Сонымен қатар 1926 жылдан Орта Азия мемлекеттік университетінде және Түркістан әскери училищесінде дәріс оқиды. Қошке Орта Азия мемлекеттік университетінің жұмысшылар факультетінде, дайындық бөлімінде, шығыстану және педагогика факультеттерінде қазақ тілінен сабақ берді. Темірбек Қараұлы Жүргенов ХХ ғасырдың 20-30 жылдарында Орта Азия мемлекеттік университеті мен қазақ жоғары оқу орындарының тарихында ерекше орын алады. 1923 жылы азамат соғысы аяқталған соң Орынбордағы жұмысшы факультетін бітіріп, Ташкенттегі Орта Азия мемлекеттік университетінің заң факультетіне оқуға түседі.

Осы уақыт ішінде университет 2000-нан астам студенті және 370 профессоры мен оқытушысы бар үлкен оқу орнына айналды. Осы оқу орнында оқып жүргенде Т.Жүргеновтың таланты ашылып, бүкіл Түркістанға танымал тұлға болды. Осы жылдары бір мезгілде бірнеше жұмысты атқару, жоғары оқу орындары мен техникумдардан тәжірибелі, сенімді студенттерді мемлекеттік және шаруашылық мекемелеріне тарту маман тапшылығынан туындаған үрдіс еді. Екінші семестрден бастап Темірбек Жүргенов университеттегі оқуын үзбей, жауапты қызметте де үш-төрт жыл қатарынан Қазақ АССР-інің Түркістан Республикасындағы өкілетті өкілі, соңғы курсында Қазақ педагогикалық институтының ректоры қызметтерін атқарды. Қазақстан және Түркістан Орталық Атқару Комитеттеріне мүшелікке сайланды. Сонымен қатар көптеген облыстық, республикалық, аймақтық мәслихаттар мен пленумдарға делегат болып қатысады. Сол кездегі басты мәселе – Орта Азия мен Қазақстан арасындағы ұлттық-мемлекеттік шекараны белгілеуге белсене атсалысып, Қазақстанның іргесін кеңейтіп, оның ұлттық интеграциясына студенттің қосқан үлесі зор болды. Сонымен қатар, Жүргенов Орта Азия мемлекеттік университетінде оқып жүргенде қазақ әдеби тілінің дамуына, ғылыми терминологиясын жасауға зор үлес қосты, аудармалары, мақалалары, кітапшалары арқылы аударма тәжірибесі мен теориясын байытты (Жүргенов, 2001: 275).

Халық ағарту саласына үлкен үлес қосқан Ташкенттегі Орта Азия мемлекеттік университетінің түлектерінің бірі. С.Сәдуақасұлын айта кеткен жөн. 1920 жылдары Қазақ үкіметінің ірі қоғам қайраткері дәрежесіне дейін көтерілген С.Сәдуақасұлы тұңғыш қазақ жастары «Бірлік» және «Жас азамат» ұйымын басқарып, Қазақ Автономиясы республикасының Жастар одағында, Ресей Орталық Атқару Комитеті, Қазақ ОАК-нің Түркістан автономиялы республикасы өкілдегінде және Халық Ағарту комиссариатында жауапты қызметтер атқарады. Орта Азия мемлекеттік университетінде жаратылыстану, физика пәндерінен дәріс оқып жүріп, қазақтың тұңғыш жоғары оқу орны — Ағарту институтын ашуға еңбек сіңірді (Садуақасұлы, 2003: 352).

Орта Азия мемлекеттік университетімен байланысты тұлғалардың бірі – ұлы ойшыл, қазақ әдебиетінің классигі Мұқтар Әуезов еді. Ол Диваев, Т.Рысқұлов, С.Қожанов және басқа да көрнекті қайраткерлердің қолдауымен М.Әуезов Ленинград университетінің әдебиет-лингвистикалық факультетіне оқуға түседі. 1928 жылы аталған оқу орнын бітіргеннен кейін Ташкенттегі Орта Азия мемлекеттік университетінің аспирантурасына қабылданды. Бұл мекемеде ол өзінің әдеби жұмысын ғылыми-педагогикалық қызметпен ұштастырып, аянбай еңбек етті. Сол кездегі құжаттарға көз жүгіртсек, М.Әуезовтің университетке жұмысқа қабылданар алдында өткен өмірі жан-жақты зерттелгенін көреміз. 1929 жылы 21 ақпанда университет ректоры профессор Б.Гордоцкий Бүкілодақтық коммунистік (большевиктер) партиясының Қазақ өлкелік комитетінің хатшысы Ф.И.Голощекинге мынадай түсіндірме хат жолдады: «Әуезов жолдас – қазақ әдебиетінің ең ірі өкілдерінің бірі. Оның оқулықтары қазақ мектептеріне қабылданды. Біздің қазақ әдебиеті саласында мамандар тапшы. Сондықтан Әуезов жолдасты қарсы алудың университет үшін маңызы зор. Оның кандидатурасын қарап шыққанымызда оның бұрын партияда болғанын білдік. Алайда, оның айтуынша, ол белгілі бір себептермен кетіп қалған сияқты. Жауабыңызды мүмкіндігінше тезірек жіберуіңізді сұраймыз. — Өйткені, мұның бәрі университеттің шығыс факультетінде қазақ әдебиеті секторының ұйымдастырылуымен байланысты». БК (б)П Қазақ өлкелік комитеті төрағасының орынбасары Мантиненконың жауап хатында М.Әуезовтің шынымен де коммунистік партияның мүшесі болғаны, партияға өткенге дейін Алаш Орда ұйымында болғаны, негізінен консервативті және ұлтшылдық бағытты ұстанғаны, кейін оның

көзқарасының өзгергені айтылады. Мұндай дәлелдер қазақ әдебиетінде мамандардың аздығымен бірге Қазақ обкомын осындай мәлімдеме жасауға мәжбүр етті. Бұл құжаттар М.Әуезовке рухани еркіндік пен шығармашылық еркіндікке жетуді оңайлатпаған. 1930 жылы 1 қазанда Мұхтар Әуезов Ташкенттегі Орта Азия мемлекеттік университетінің Шығыс факультетінде аспирантураны бітірер алдында қазақ зиялыларының өкілдерімен бірге тұтқындалды. Тұтқындалғандардың тізімі бастапқыда 20 болса, 1931 жылдың шілдесіне қарай 32-ге жетті, олардың барлығы ұлтшыл деген айыппен түрмеге жабылды. Олардың қатарында Мұқамеджан Тынышбаев, Мұқтар Мурзин, Рамазан Қордабаев, Абдулхамит Ақбаев, Әшім Омаров, Саидағзана Қадырбаев, Досан Сұлтанқұлов, Серікбаев Ақаев, Ілияс Ахметов, Нәшір Қожамқұлов, Жакып Ақбаев, Иса Қашқынбаев, Алдабек Мангелдин, Жаһаншах Досмұхамедов, Мұқтар Әуезов, Қөшке Кемеңгеров және басқалар. Олардың көпшілігі Орта Азия мемлекеттік университетінің, оның ішінде шығыстану факультетінің профессорлары болды (Бендриков, 1962: 602).

Түркістан Республикасында 1920 жылдардың басында Орта Азия мемлекеттік университетімен бірге арнайы ұлттық оқу орындары құрылды. Яғни, заман талабына сай 1920 жылдардың басында Түркістан басшылығы республиканың ұлттық мектептеріне білікті ұстаздар даярлауға арналған ірі педагогикалық оқу орындарын ұйымдастыру мәселесіне ерекше көңіл бөле бастады. Осы бағыттағы жұмыстардың тиімділігін арттыру мақсатында 1920 жылы 27 сәуірде Түркістан Орталық Атқару Комитетінің шешімімен Халық Ағарту Комиссариатының жаңа құрамы құрылып, оның құрамына Н.Төреқұлов (ағарту комиссары), Лепешинский (комиссардың орынбасары) мүшелері болып Н.Ходжаев, Дволайцкий, И.Тоқтыбаев енгізілді. 1920 жылдың маусым айына қарай жоғарыда аталған алқа Түркістандағы оқу орындары туралы Ережені әзірлеп бекітті: «1) Түркістанның бүкіл халқына орыс тілінде білім беретін К.А.Тимирязев атындағы институт; 2) қазақ тілінде оқытатын мекеме; 3) Өзбек тілі институты; 4) Татар тілі институты. Бұл мекемелердің барлығы 1920 жылы қыркүйекте ашылу жоспарланды. Сөйтіп, 1917 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқан Қазақ педагогикалық училищесінің негізінде 1920 жылы 1 қазанда Ташкентте ашылған Қазақ халық ағарту институты құрылды. Қазақ ағарту институтының 1920-1921 жылдардағы есебіне қарасақ, онда: «Институтта негізгі бесжылдық курстан басқа үлгілі мектеп, балабақша, оқу үлгерімі нашар студенттерге арналған бір жылдық дайындық курсы жұмыс істейді. Үлгілі мектепте 3 мұғалім, бір жылдық курста 9 мұғалім, институтта 25 мұғалім жұмыс істейді. Институтта 39 адам, бір жылдық курста 25 адам, типтік мектепте 110 адам, балабақшада 13 адам білім алуда. Олардың барлығы ұлты қазақтар. Қазалыдан 11, Перовскийден 31, Шымкенттен 11, Түркістаннан 14, Ташкенттен 14, Пржевальскийден 6, Верныйдан 4, Қапалдан 1, Әулиеатадан 7, Пішпектен 4 адам болды. Тыңдаушылардың 71-і жастар одағының мүшелері. Институтта сабақтан тыс дәрістер, түрлі қойылымдар өткізіледі, студенттер мұражайларға, электр станцияларына барады. Ал сабақтан бос уақытында оқу залында дайындалады». Сөйтіп, қазақ зиялыларының өкілдері құрған институт болашақта түрлі салада ғылыми кадрлар дайындайтын әлеуеті бар оқу орны ретінде қалыптасты. Алайда, ол кезде бұл мәселелерді шешудің нақты мүмкіндіктері болмады. Сондықтан қабылданған «Қазақ ағарту институты туралы» Ережеде оның мәртебесі «педагогикалық мамандықтар бойынша мамандандырылған педагогикалық орта оқу орны» болып белгіленді. Базалық курста оқу мерзімі бастапқыда бес жыл, кейін төрт жыл деп белгіленді. Институт негізінен мемлекет есебінен қаржыландырылады. Үкімет қаулысымен институтқа тәжірибелік сабақтар өткізу және қосалқы шаруашылықтар құру үшін «Өрнек» шаруа қожалығы бөлінді. Институтты ашудағы барлық жұмыс Қазақ ағарту институтының 5 адамнан тұратын ұйымдастыру комитетіне жүктелді. Бірінші кезеңде «уақытша комитет» құрылып, оның төрағасы болып Қ. Қожықов, мүшелігіне Ембергенов,

Табынбаев, Дьяков сайланды. Институттың қаржысын басқару Табынбаевқа, ал оқу және ғылыми мәселелер Дьяков, Көшербаев, Қожықовқа жүктелді. Бұл ретте Қожықовқа әкімшілік міндеттер де жүктеледі (Лунин, 1963:02).

Халық ағарту комитетінің 1920 жылғы 10 қарашадағы мәжілісінде И.Тоқтыбаев Халық комитетінің нұсқаушылар бөлімінің нұсқаушысы және бір мезгілде қазақ педагогикалық курстарының меңгерушісі болып тағайындалды. Бұл қызметте ол 1920 жылдың тамызына дейін қызмет етті. Жаңа оқу орнын ашудың қиындығы, әсіресе мемлекеттік құрылымдар мен қаржы институттары дамымаған жағдайда, оқу орнын ұйымдастыру және жоғары тұрған органдарға хат-хабарлардың мазмұны бойынша кезекті жиналыстардың хаттамаларынан айқын көрінеді. Уақытша комитеттің бірінші отырысы 1920 жылы 15 тамызда өтті. Қ.Қожықовтың төрағалығымен өткен бұл отырыста комиссия мүшесі Х.Досмұхамедовтің Қазақ педагогикалық университеті ғимаратының санитарлық жағдайы туралы баяндамасы талқыланады. Есеп жаңадан құрылған мекеменің қандай қиын жағдайда дамып жатқанын толық көрсетеді. Ол өз сөзінде әрқашан халқына адал қызмет етуге ұмтылатын өскелең ұрпақтың тағдыры мен денсаулығына алаңдайтынын айтты. Халық ағарту комиссариаты алқасы Х.Досмұхамедов жазған өтініш негізінде 21 тамызда Халық ағарту институтын ұйымдастыру жөніндегі ұйымдастыру комитетінің құрамын өзгертіп, оның төрағасы етіп И.Тоқтыбаевты, оның орынбасары болып Есеновты, мүшелігіне Х.Досмұхамедов, Қ.Қожықов, Н. Көшербаевты тағайындады. Уақытша ұйымдастыру комитетінің 1920 жылы 20 тамызда өткен кезекті отырысында Қазақ ағарту институтының оқу бағдарламасы туралы мәселе талқыланды. Ұйымдастыру комитетінің жаңа құрамы бұрынғы мектептің құрылымдық бөлімдерін қайта құруды ұйымдастыруға және оның мүліктік мәселелерін дұрыс шешуге, сондай-ақ оқу-тәрбие жұмысының жаңа жүйесін материалдық қамтамасыз етуге бағытталған. Дегенмен, оқу орнының алдында тұрған ең күрделі мәселе – мұғалімдерді материалдық-техникалық базамен қамтамасыз ету болды. Осыған байланысты 1920 жылы 2 қыркүйекте ұйымдастыру комитетінің төрағасы Қазақ өлкелік оқу-ағарту комиссарынан оқу орнына бірнеше тәжірибелі мамандарды жіберуді сұрайды. Ұйымдастыру комитеті төрағасының ұсынысы Түркістанның басқа қалаларына да жолданды. Соның нәтижесінде кадр мәселесі шешіліп, Қазақ институтына тамаша педагогикалық кадрлар тартыла бастады. Мұғалімдердің көпшілігі Орынбордан және Сырдария облысының уездерінен алынған. Мұнда 1920 жылы 15 қыркүйекте Қазақ ағарту институтына Х.Досмұхамедов, И.Тоқтыбаев, С.Қожанов, Қ.Қожықов сияқты көрнекті қоғам және ғылым және педагогикалық қайраткерлермен бірге 1920 жылдың 15 қыркүйегінде Қармақшыдан Ы.Қасымов, Перовскіден О. Жанғалинов, А.Мәмбейов, А.Мұңайтпасов, Қазалыдан Б.Мергенбаев, Т.Күлпашов, Верныйдан Ғ.Мұратбаев, Ферғанадан А.Оразова, Шымкенттен Үмбетбаев, Әулиетадан Абланов шақырылды. Сонымен бірге шығармашылық элитаның көрнекті өкілі М.Жұмабаевтың Орынборды тастап, Ташкентке қоныстануына да осы шақыру себеп болды. Осы шақырумен Орынбордан А.Байтұрсынов, М.Тынышпаев, Ж.Аймауытов, Д.Әділов, Ғ.Ғалымжанов, А.Байсейітов Ташкенттегі оқу-ағарту институтында оқытушылық қызмет атқарып, қаладағы саяси-мәдени шараларға белсене араласты. 1923 жылы Ташкенттегі Қазақ ағарту институтының қызметіне байланысты осы жерде есімі жиі аталып жүрген А.Байтасов ана тілінен, З.Иманжанов математикадан, М.Қасимова ана тілінен, Ғ.Байғорина орыс тілінен, Досмұхамедов жаратылыстану ғылымынан, Тынышпаев инженерден сабақ берді. М.Әуезов Қазақ ағарту институтында қазақ және орыс әдебиетінен дәріс оқыды. Бұл ретте институт талаптарына сай келетін жаңа топ студенттерін қабылдау шаралары қолға алынды. Қазақ қыздарын оқуға тарту басты назарда болды. 1920 жылы тамызда институт басшылығы Қазалы, Перовский, Түркістан, Шымкент, Әулиета қалаларына

арнайы телеграммалар жіберді. Онда: «Қазақ педагогикалық институты мұсылманша сауатты қырғыз қыздарын ондағы бір жылдық мектепке дейінгі тәрбие курстарына жіберуді сұрайды» деп жазылды. (Нұрпейіс, 1998:37).

Жоғары білікті мамандар даярлауды мақсат еткен Қазақ ағарту институты 1920 жылы 1 қазанда ашылды. Білім ошағы қаржы, отын-су, киім-кешек, тамақ, ұстаздық мамандар тапшылығына байланысты жұмысын бір ай кеш бастайды. Мемлекеттен бөлінген қаржы өте аз болды. Қалыпты жағдайда олар институттың өмір сүруіне қажетті қаражатты қамтамасыз ете алмады. Сондықтан педагогикалық ұжым халықтан көмек сұрауды ұйғарады. Мәселен, қазақ халқына кеңінен танымал М.Тынышпаевты Шымкент, Әулиета уездеріне халықтан жиналған ақшаның көлемін анықтауға жіберді. М.Тынышпаев оқу орнын қолдау көрсету мақсатында елден қаржылай көмек ұйымдастырып, әрі қазақ жастарын білім алуға жинаған. Қазақ зиялыларының өкілдері ұлт үшін аянбай еңбек етті. Институттың басқа оқытушылары да Сырдария, Жетісу облыстарының әр аудандарына осындай іссапарларға жіберілді. Бірақ ол кезде қазақ халқының басым бөлігі жоқшылықта өмір сүрді. Сондықтан жиналған ақша көлемі де онша көп болған жоқ. Мұғалімдер мен студенттердің тұрмыстық жағдайларының жоқтығы, тамақтың жоқтығы мәселені күрделендірді. Осыған орай, студенттердің басым бөлігін құрайтын далалық жерлерден келген жастардың жағдайына аландаған комитет төрағасы студенттерді азық-түлікпен жабдықтауда тылдағы нормамен емес, майдандағы Қызыл Армия пайегі бойынша азық-түлікпен қамтамасыз етуді сұрайды. Институт өз ұстаздарын, әсіресе басқа жерлерден келген мұғалімдерді материалдық-тұрмыстық жағдаймен қамтамасыз етуде қиындықтарға тап болды. Осы мәселені шешу үшін 1920 жылы 11 қыркүйекте институт басшылығы Түркістан Республикасы Халық ағарту комиссариатына есеп берді. Онда: «Қазақ институтының ұйымдастыру комитеті институтқа бірнеше мектеп қызметкерлерін шақырды. Ташкентте қажетті мұғалімдердің жоқтығынан мұғалімдердің көпшілігі республиканың басқа қалаларынан шақырылды. Олардың көпшілігі бұрынғы жұмыстарын тастап, бар дүние-мүлкін сатып, көшіп келген. Өз кезегінде институт оларға қажетті жағдай жасап, күнделікті өмірден босатып, тек ұстаздық қызметпен айналысуына жағдай жасамақ. Осы мақсатта институт басшылығы барлық оқытушыларға пәтер беруді ұйғарды. Өкінішке орай, институт ғимараты көлеміне байланысты барлық оқытушыларды сыйдыра алмайды. Онда тек тікелей тәрбие жұмысымен айналысатын мұғалімдер ғана тұра алады. Бірақ олардың барлығына орын жетпейді, себебі институт пәтерлерінің біразында институтқа қатысы жоқ бөгде адамдар тұрады. Осы жағдайларға байланысты бөгде адамдарды институт ғимаратынан шығаруды сұрауға мәжбүр. Пәтерлердің бәрі босаған кезде де институт оқытушылары мен қызметкерлерінің көпшілігі жеке пәтер жалдап тұруға мәжбүр. Көшіп келгендердің көпшілігінің отбасылары болғандықтан, институтта сабақ беру олардың барлық уақытын алады, институт Халық ағарту комиссариатынан институт профессорларына пәтер бөлуге ықпал етуді сұрайды. Түрлі қиындықтарға қарамастан, ол кезде барлық курстар бойынша негізгі оқу бағдарламалары әзірленіп, аудиториялық ғимараттар дайындалып, оқытушылар құрамы жинақталды. Дегенмен, оқу процесінде әлі де қарама-қайшылықтар болды. Біріншіден, зерттеу барысында оқушылардың басым бөлігі орыс тілін білмейтіні, бірқатар пәндердің осы тілде оқытылатыны анықталды. Осы мәселеге байланысты 1920 жылы 13 қазанда ұйымдастыру комитетінің арнайы отырысы өтті. Оған комиссия төрағасы Табынбаев, мүшелері Көшербаев, Есенов, педагогикалық және студенттік ұжым өкілдері қатысты. Мәселе талқыланып, «Институттың нормативтік актісіне сәйкес және студенттердің қажеттілігіне қарай орыс тілінен басқа сабақтарды қазақ тілінде өткізуге рұқсат етіледі» деген қаулы қабылданды. Алайда, студенттерге қиындық тудырып отырған тағы бір мәселе – ана тіліндегі оқулықтардың жетіспеушілігі. Бұл жағдай қазақ тілінде тиісті

оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді жазу міндетін одан әрі тереңдете түсті. Бұл мәселе тек Ағарту институтының ғана емес, бүкіл қазақ мектептерінің алдында тұрған мәселе еді. Аудиториялық сабақтармен қатар сыныптан тыс іс-шаралар ұйымдастырылды, шақырылған қонақтар түрлі тақырыптарда дәрістер оқыды, спектакльдер қойылды, студенттер оқытушылардың жетекшілігімен мұражайлар мен электр станцияларын аралап, сабақтан тыс уақыттарын институттың оқу залында өткізді. Осылайша, институтта оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыру және студенттерге білім беру жұмыстары сәтті жүзеге асырылды. Алайда, баяндамада атап өтілгендей, «бастапқы назар аударылғанына қарамастан, институт комитет қойған барлық мақсаттарға қол жеткізе алмады». Ұйымдастыру комитеті институт жұмысын жақсартуға бағытталған бірнеше ұсыныстар жасайды: «1. Институттың табысты жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін оқытушылар басқа міндеттерден толығымен босатылуы керек. 2. Институтқа азық-түлік пен отынды өзі дайындауға рұқсат етілсін, ал Халық ағарту институты бұл үшін қажетті қаражатпен қамтамасыз етілсін. 3. Ғимаратты жөндеуге қажетті қаражатты бөлу. Тиісті органдар тарапынан қойылған талаптар орындалса, институт жұмысы жоғары деңгейде болады». Жаңа 1921-1922 оқу жылында қаржылық жағдай біршама тұрақтана бастады. Бұл, бір жағынан, жаңа экономикалық саясатқа көшумен байланысты болса, екінші жағынан, РКП (большевиктер) X съезінің (1921 ж. наурыз) шешіміне сәйкес ұлттық факторларға көңіл бөлудің күшеюіне байланысты болды. Жаңартылған курсқа сәйкес 1921 жылы Түркістан Орталық Атқару Комитеті жанынан Қазақ, одан кейін Өзбек және Түрікмен бөлімдері ашылды. 1921 жылдың күзінде 1919 жылы таратылған Түркістан республикасының Ұлттар Халық Комитеті қайта құрылды. Оның қарамағына Түркістан Орталық Атқару Комитеті жанындағы ұлттық бөлімдер кірді.

Оқу орындарының жұмыс істеуіне, олардың материалдық жағынан қамтамасыз етілуіне көңіл бөлу қазақ жастары арасында оқу орнының беделінің артуына әкелді. 1921 жылы үміткерлер саны 236. Оның 96-сы қабылданса, қалған 140-ы орын тапшылығына байланысты қабылданбаған (Казанчанц, 1982:250).

Жаңа оқу жылында жалпы оқушылар саны 259 болды. Ағымдағы жылдың 12 қаңтарында білім ордасында жастар конференциясы өтіп, оған 115 студент қатысты. Осы отырыста төраға болып Ғ.Мұратбаев, мүшелікке Сатымбеков пен Алтынбаев сайланды. Бұл ұйым тәрбие жұмыстарымен айналысып, оқу үлгіріміне жетекшілік етті. Сонымен қатар бұл ұйым Орта Азия университетінің жұмысшы факультетіне 16 студентті қабылдау туралы Түркістан Орталық Атқару Комитетіне өтініш беріп, одан кейін А.Сыдықов, Ә.Кемелов, І.Жансүгіров, А.Рысбақов, Т.Болтаевтар университетке қабылданды. Кейін оқуын бітіргеннен кейін І.Жансүгіров Қазақ ағарту институтында сабақ берді. Оқыту үдерісінің интенсификациялануының тағы бір көрінісі негізгі курстардың әртүрлі бөлімдерін біртіндеп теңестіру болды. Мысалы, педагогикалық топпен қатар тарих және филология, физика-математика және жаратылыстану-география бөлімдері жұмыс істей бастады. Бұл топтардағы студенттер жалпы білім беретін пәндермен қатар арнайы пәндерді де оқыды. Сонымен қатар, сабақта оқыту әдістемесі, педагогика және дидактика, психология, логика, мектеп гигиенасы, түркі халықтарының тарихы, музыка, дене шынықтыру пәндеріне көңіл бөлінді. Институт құрамы да күшейтілді. 1922 жылғы 1 наурыздағы Қазақ ағарту институтының оқытушыларының тізімі: Абланов Сыдық (ана тілі), Байтөрин Алажан (тарих), Байтөрин Әділбек (математика), Байтасов Абдулла (қазақ тілі), М. Тынышпаев (тарих), М. С.Штейн (математика), К.Кашеваров (география), З.Чегодаева (шет тілі), Шамғали Сарыбаев (қазақ тілі), Ф.Ғалымжанов (табиғаттану) және т.б. Институтта 96 студенттен тұратын әдебиет-драма үйірмесі болды.

Одан кейінгі кезеңдерде институттың жемісті жұмысы кеңейіп, жалғасын тапты. Атап айтқанда, оның материалдық-оқу базасы нығайып, бюджеттік қаржыландыру нығайып, мәдени-ағарту жұмыстары байыды. Бұл негізінен Түркістан республикасының экономикалық жағдайының жақсаруы мен биліктің институт жұмысына көңіл бөлуіне байланысты болды. Бұл, әсіресе, 1922 жылдың аяғында, қазақ халқының біртуар перзенті Тұрар Рысқұлов Түркістан АКСР Халық Комиссарлар Кеңесінің төрағалығына тағайындалғаннан кейін байқалды. Т.Рысқұлов өзінің саяси қызметінің басынан-ақ Түркістанның байырғы халқының өз саяси ерік-жігері мен ұлттық мемлекеттілігіне құқығын жақтады. Ол 1920 жылы Түркістан АКСР Орталық Атқару Комитетінің төрағасы болып келгеннен бастап өлкедегі барлық маңызды мәселелерді жергілікті халықтың мүддесін ескере отырып шешу қажеттігін баса айтты. Алайда 1920 жылдардың ортасында ол Түркістанға шынайы тәуелсіздік беру идеясын қолдаған басқа ұлт көшбасшыларымен бірге қызметінен босатылды. Т.Рысқұлов Мәскеуге шақырылып, РКФСР Ұлт істері халық комиссариатында қызмет етті. 1922 жылы оған тағы да Түркістан АКСР үкіметінің басшысы лауазымы ұсынылды. Өзінің сеніміне адал болған Т.Рысқұлов Ташкентке оралғаннан кейін халық ағарту ісін одан әрі жетілдіріп, өлкенің жергілікті тұрғындарының толыққанды білім алуына қажетті жағдай жасауға кірісті. Мысалы, 1923 жылы 11 қарашада Халық Комиссарлар Кеңесі шақырған халық ағарту мәселелері жөніндегі мәдениет-ағарту қызметкерлерінің арнайы жиналысында «Түркістандағы ағарту ісі біздің мемлекеттік құрылыс жұмысымызда маңызды орын алады» деп атап өтілді. Одан әрі ұлттық мектептер мәселесіне тоқтала келе: «Егер біз өз жерімізде ана тілінде оқытатын бастауыш мектептер желісін жолға қоймасақ, онда халыққа білім беру ісі жақсы жолға қойылған деп айта алмаймыз. Бұл мәселені шешуді ол ұлттық педагогикалық кадрларды даярлау мәселесімен тығыз байланыстырды.

Т.Рысқұловтың бастамасымен республикалық оқу орындарына, оның ішінде ағарту институттарына практикалық көмек көрсету мақсатында мамандандырылған қоғамдық бірлестіктер ұйымдастырылды. Атап айтқанда, 1923 жылдың жазынан бастап халық ағарту мекемелеріне бөлінетін бюджеттік қаражаттың жетіспеушілігін ескере отырып, негізінен мемлекеттік органдар мен халықтан қамқорлыққа алынған қаражатты жинаумен және бөлумен айналысатын «Түркістан Республикасы Халық Комиссарлар Кеңесі жанынан қамқорлық бюросы» құрылды. Бұл бюроның бірінші отырысы 1923 жылы 7 маусымда өтті. Жиналыста баяндама жасаған Т.Вершинин Халық Комиссарлар Кеңесі маусым айында қамқорлық көмегі ретінде 80 мың сом аударғанын хабарлады. Бұл сома келесі айларда да алып тұруға болатын болды. Бұл соманы оның қарамағындағы мекемелер арасында «оқу мекемесінің маңыздылығын және ондағы жергілікті өкілдердің санын ескере отырып» бөлу керектігі анықталды. (Қоңыратбаев, 1994: 448).

Осы принцип бойынша сома былайша бөлінді: Қазақ ағарту институтына (220 адам) – 14 425 сом, Татар институтына (210 адам) – 13 769 сом, Өзбек ерлер институтына (200 адам) – 13 114 сом, Мұсылман кәсіптік техникумына (200 адам) – 13 114 сом, Түркімен институтына (110 адам) – 7 212 рубль, Тузем-еврей институтына (100 адам) – 6 557 сом. Осы ретте Т.Рысқұловтың бастамасымен республикалық оқу орындарының оқу-тәрбие жұмысының тиімділігін арттыру және жергілікті халыққа білім беру мәселесін күшейту мақсатында Қамқоршылық бюросынан басқа «Түркістан АКСР-ның оқу-ағарту ісіне көмек көрсету жөніндегі Өлкелік бюросы» құрылды. (Алаш қозғалысы, 2008: 472).

1923 жылы 9 желтоқсанда Т.Рысқұловтың төрағалығымен өткен осы бюро президиумының отырысында оның жанындағы қосалқы орган ретінде «Мәдени кеңес

туралы ереже» қабылданды. Мәжіліске қатысушылар өлкелік кеңес сияқты кеңестерді облыстық және уездік деңгейде де құру қажет деп шешті.

Өлкелік мәдениет кеңесі президиумының мүшелігіне келесі кандидаттар ұсынылды: төраға – Досмұхамедов, төрағаның орынбасары – Бродский, Мунаввар Кори, мүшелері – Гелдиев, Севастьянов. Өлкелік бюро жанындағы Мәдениет кеңесінің құрамына келесі жергілікті ұлт өкілдері кірді: 1. а) қазақтар Б.Аралбаев, Д.Ысқақов, Х. Досмұхамедов; б) өзбектерден – Ғ.Юнусов, Шакир Рахими, Махмудов; в) түрікмендерден – Сахатмуратов, Бариев, Гилдиев. 2. Белсенді мәдени-ағарту қызметкерлері: Н.Көшербаев (қазақтан), Мунаввар Қари (өзбектен), Иомудский (түркіменнен), А.Бродский (САГУ ректоры), А.Шмидт (Шығыс институты), Севастьянов (САГУ оқытушысы). Келесі күні 1923 жылы 10 желтоқсанда Т.Рысқұловтың төрағалығымен өлкелік ағарту ісін насихаттау бюросы мен Мәдени кеңестің бірлескен отырысы өтті. Оған Светлов, Исламов, Бродский, Шмидт, Досмұхамедов, Сахатмұратов, Көшербаев, Мунаввар Кари, Иомудский, Аралбаев, Ысқақов, Бориев, Шакир Рахими, Махмудов, Оликов (оқу комитетінен), Айтақов, Гильдиев қатысты. Мәжілісте Т.Рысқұлов «Мәдени кеңестің міндеттері және оның ережесі туралы» баяндама жасады. Соңында Кеңестің жұмыс жоспары және оның Төралқасының бұрын белгіленген құрамы бекітілді. Білім беруде болып жатқан өзгерістер Қазақ ағарту институтында студенттерге білім мен тәрбие берудің сапасын арттыруға мүмкіндік берді. 1922-1923 оқу жылында оның профессорлық-оқытушылық құрамының құрамына мына адамдар кірді: директоры – С. Айзунов, оқу бөлімінің меңгерушісі – М. Шамшин, инспектор – П.Юдахин, оқытушылар – З.Абдулла, С.Абрамов, А.Байтасов, И.Бибиқов, Г.Байчурина, Ф.Ғалымжанов, Қ.Жаленов, П.Жаленова, Х.Досмұхамедов, М.Жұмабаев, т.б. Негізгі назар оқу үдерісін заманауи әдістемемен қамтамасыз етуге аударылды. 1923 жылы М.Тынышпаев үшінші курс студенттері үшін түркі-моңғол тарихы курсының бағдарламасын жасады. М.Жұмабаев түрік әдебиетінен қосымша сабақ дайындады. (Қозыбаев,1998: 275).

Қорытынды

Зерттелген мәселе бойынша келтірілген деректер мен дәлелдемелерді ғылыми тұрғыдан талдай отырып, бірқатар қорытындылар жасауға болады. Қазақ зиялыларының көмегімен Түркістан Автономиялық Республикасында сауатсыздықты жою жұмыстары жүргізіліп, жалпы білім беретін мектептер, курстар, клубтар, кітапханалар, басқа да оқу-ағарту және мәдениет мекемелерінің жүйесі құрылды. Жалпы білім беретін мектеп жүйесінде олар жас ерекшеліктеріне қарай топтастырылды. Бұл мектептерде Сырдария, Жетісу, Ферғана облыстары мен Ташкент қаласынан келген қазақ балалары оқыды. Олардың арасында қоғамдық-саяси белсенділіктерімен кейін республикаға танылған қаншама азаматтар өсіп шықты. Үкіметті басқарған қазақ зиялылары мектептерді ана тіліндегі оқулықтармен, оқу бағдарламаларымен, оқу құралдарымен қамтамасыз ету үшін жыл сайын қаржыны толықтырып отырды. Түркістан халқының мәдениеті мен білімін көтеруде Алаш қайраткерлерінің орны ерекше. Олардың халық ағарту жұмыстары оқу орындарының ашылуынан айқын көрінеді. Осындай ағартушылық қызметі арқылы Түркістандағы қазақ зиялылары қазақ халқының тарихынан лайықты орын алады деп ойлаймыз.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Культурное строительство в Туркестанской АССР (1917-1927) / Сб. док. – Ташкент: Узбекистан, 1973. Т.1. – 571.
- 2 Первый Казахский институт в Ташкенте /Сб. документов и материалов. – Ташкент: Zar-galam, 2005. – 160.

- 3 Жизнь и деятельность представителей казахской национальной интеллигенции в Туркестане / Сборник документов и материалов. Сост. С.Тилеуқлов, А.А.Голованов, Ш.Оразымбетов. – Шымкент: ЮКГУ им. Ауезова, 2004. – 277 с.
- 4 Досмұхамедұлы Х. Таңдамалы. (Избранное).-Алматы: Ана тілі, 1998.- 384 б.
- 5 Жүргенов Т. Таңдамалы. Избранное. – Алматы: Арыс, 2001. - 275 б.
- 6 Садуақасұлы С. Екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Алаш, 2003. -352 б.
- 7 Бендриков К.Е. Очерки по истории народного образования в Туркестане (1865-1917 годы). – Москва: Изд. Академии педагогических наук РСФСР, 1962. – 602 с.
- 8 Лунин В.В. Из истории первого высшего востоковеденного учебного заведения в Средней Азии. – Москва: Восточной литературы, 1963. – 302 с.
- 9 Нұрпейіс К. Алаштың күрескер ұлы // Қазақстан мектебі, №6. 1998. 29-37 бб.
- 10 Казанчанц П.Т. Становление и развитие народного образования в Советском Туркестане. – Ташкент:Уқитувчи, 1982. – 250с.
- 11 Қоңыратбаев О. Тұрар Рысқұлов: Қоғамдық-саяси және мемлекеттік қызметі. Түркістан кезеңі. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 448 б.
- 12 Алаш қозғалысы. Құжаттар мен материалдар жинағы. 1918-2007 жж. – Алматы: Ел-шежіре, 2008.Т.4. – 472 б.
- 13 Қозыбаев М. Тарих зердесі. – Алматы: Ғылым, 1998. Т.2. – 275 б.

